

Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 20 мамырдағы № 85-VIII ҚРЗ

Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы 2005 жылғы 6 желтоқсанда Женевада жасалған хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

БЕЙРЕСМИ АУДАРМА

Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы хаттама (Женева, 2005 жылғы 6 желтоқсан)

Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелері;

Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісімінің ("ДСҰ келісімі") Х бабының 1-тармағына сәйкес қабылданған Бас кеңестің WT/L/641 шешімін назарға ала отырып,

осымен мыналар туралы уағдаласты:

1. Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісім ("ТРИПС жөніндегі келісім") Хаттама күшіне енгеннен кейін 4-тармаққа сәйкес 31-баптан кейін 31*bis* бабын толықтыру жолымен және 73-баптан кейін ТРИПС жөніндегі келісімге Қосымшаны толықтыру жолымен осы Хаттамаға қосымшада көрсетілгендей толықтырылуы тиіс.

2. Басқа мүшелердің келісімінсіз осы Хаттама ережелерінің кез келгеніне қатысты ескертпелерге жол берілмейді.

3. Осы Хаттама мүшелердің қабылдауы үшін 2007 жылғы 1 желтоқсанға дейін не Министрлік конференциясының шешімі бойынша неғұрлым кешірек күнге дейін ашық.

4. Осы Хаттама ДСҰ келісімінің Х бабының 3-тармағына сәйкес күшіне енеді.

5. Осы Хаттама Дүниежүзілік сауда ұйымының Бас директорына сақтауға тапсырылады, ол әрбір мүшеге осы Хаттаманың куәландырылған көшірмесін және 3-тармаққа сәйкес оның әрбір қабылданғаны туралы хабарламаны дереу береді.

6. Осы Хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабының ережелеріне сәйкес тіркелуге жатады.

2005 жылғы 6 желтоқсанда Женевада ағылшын, француз және испан тілдерінде бір данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

**Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері
жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы хаттамаға қосымша
31bis бабы**

1. Экспорттаушы мүшенің 31(f) бабы бойынша міндеттемелері осы Келісімге Қосымшаның 2-тармағында баяндалған шарттарға сәйкес фармацевтикалық өнімді (өнімдерді) өндіру және талаптарына сай келетін импорттаушы мүшенің(лердің) аумағын экспорттау мақсаттары үшін қажетті көлемде оның мәжбүрлемелі лицензия беруіне қатысты қолданылмайды.

2. Егер мәжбүрлемелі лицензияны экспорттаушы мүше осы бапта және осы Келісімге Қосымшада сипатталған жүйе шеңберінде берсе, көрсетілген мүшелерге экспорттаушы мүшенің импорттаушы мүше үшін пайдалануға рұқсат берген экономикалық құнын ескере отырып, 31(h) бабына сәйкес тиісті сыйақы төлейді. Егер талаптарға сай келетін импорттаушы мүше сол бір тауарға қатысты мәжбүрлемелі лицензия берсе, осы мүшенің 31(h) бабы бойынша міндеттемелері экспорттаушы мүше осы тармақтың бірінші сөйлеміне сәйкес сыйақы төлеген қаражатқа қатысты қолданылмайды.

3. Дәрілік затты сатып алу қабілетін арттыру және оның жергілікті өндірісіне жәрдемдесу үшін ауқым әсерін пайдалану мақсатында: егер дамушы немесе неғұрлым нашар дамыған елдер қатарынан ДСҰ мүшесі ГАТТ 1994 XXIV бабының және " Дамушы елдердің сараланған және неғұрлым қолайлы режимі, өзаралығы және неғұрлым толық қатысуы туралы" 1979 жылғы 28 қарашадағы шешімнің (L/4903) мәнінде өңірлік сауда келісіміне қатысушы болып табылса, қазіргі құрамының кемінде жартысы Біріккен Ұлттар Ұйымының неғұрлым нашар дамыған елдерінің тізіміне енгізілген елдерден тұрса, осы мүшенің 31(f) бабы бойынша міндеттемесі осы мүшенің аумағына мәжбүрлемелі лицензия бойынша өндірілген немесе импортталатын дәрілік затты денсаулық сақтаудың тиісті проблемалары да бар өңірлік сауда келісімінің осындай басқа дамушы немесе неғұрлым нашар дамыған елдерінің нарықтарына экспорттауға болатындай қажетті мөлшерде қолданылмайды. Бұл ретте ол тиісті патенттік құқықтардың аумақтық сипатына нұқсан келтірмейді деп түсініледі.

4. Мүшелер осы баптың және осы Келісімге Қосымшаның ережелеріне сәйкес ГАТТ 1994 XXIII бабының 1(b) және 1(c) тармақшалары бойынша қабылданған кез келген шараларға дау айтпауға міндеттенеді.

5. 31-баптың (f) және (h) тармақтарынан, оның ішінде ТРИПС жөніндегі келісім және қоғамдық денсаулық сақтау туралы декларациямен (WT/MIN(01)/ расталғаннан басқа осы бап және осы Келісімге Қосымша мен олардың түсіндірмесі осы Келісімнің ережелеріне сәйкес мүшелерде бар құқықтарға, міндеттерге және икемді тәсілдерге

нұқсан келтірмейді. Олар мәжбүрлемелі лицензия бойынша өндірілген дәрілік заттардың 31(f) бабының ережелеріне сәйкес экспортталуы мүмкін дәрежесін де қозғамайды.

Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге қосымша

1. 31 *bis* бабының және осы Қосымшаның мақсаттары үшін:

(a) "дәрілік зат" ТРИПС және қоғамдық денсаулық сақтау туралы келісім декларациясының (WT/MIN(01)/DEC/2) 1-тармағында көрсетілгендей, қоғамдық денсаулық сақтау проблемаларын шешу үшін қажетті фармацевтикалық сектордың патенттелген процесінің көмегімен дайындалған кез келген патенттелген тауарды немесе өнімді білдіреді. Оған оны өндіру үшін қажетті белсенді компоненттер де, сондай-ақ оны қолдану үшін қажетті диагностикалау құралдары жатады деп түсініледі.

(b) "талаптарға сай келетін импорттаушы мүше" 31 *bis* бабында және осы Қосымшада ("жүйе") жазылған жүйені импорттаушы ретінде өзінің пайдалану ниеті туралы ТРИПС жөніндегі кеңеске бұл мүше өзі тұтастай немесе белгілі бір шектерде мысалы, елдегі төтенше жағдай кезінде немесе аса қажет басқа да мән-жайларда не қоғамдық коммерциялық емес пайдалану мақсатында ғана өзі пайдаланатынын кез келген уақытта хабардар ететінін түсіне отырып, хабарлама жіберген кез келген неғұрлым нашар дамыған мүше елді және кез келген басқа мүшені білдіреді, Кейбір мүшелер бұл жүйені импорттаушы мүшелер³ ретінде пайдаланбайтыны, сондай-ақ кейбір басқа мүшелер, егер олар бұл жүйені пайдаланатын болса, онда тек қана елдегі төтенше жағдайларда немесе аса қажет басқа да мән-жайларда пайдаланатыны туралы мәлімдегені атап өтіледі;

(c) "экспорттаушы мүше" осы жүйені дәрілік заттарды өндіру және оларды талаптарға сай келетін импорттаушы мүшеге экспорттау үшін пайдаланатын мүшені білдіреді.

2. 31 *bis* бабының 1-тармағында көрсетілген шарттар мынадай:

(a) талаптарға сай келетін импорттаушы мүше(лер)⁴ ТРИПС жөніндегі кеңеске хабарлама² жібереді, онда

(i) қажетті дәрілік заттың (заттардың)⁵ атауын және күтілетін мөлшерін көрсетеді;

(ii) неғұрлым нашар дамыған мүше елді қоспағанда, талаптарға сай келетін осы импорттаушы мүше осы Қосымшаға Толықтыруда баяндалған тәсілдердің бірімен көрсетілген дәрілік заттарды өндіру үшін фармацевтикалық секторда мүмкіндіктері жоқ не шектеулі екенін анықтағанын растайды; және

(iii) дәрілік зат оның аумағында патенттелген жағдайда, ол осы Келісімнің 31 және 31 *bis* баптарына және осы Қосымшаның⁶ ережелеріне сәйкес мәжбүрлемелі лицензияны бергенін не беруге ниетті екенін растайды;

(b) осы жүйе шеңберінде экспорттаушы мүше берген мәжбүрлемелі лицензия мынадай шарттарды қамтиды:

(i) лицензия бойынша талаптарға сай келетін импорттаушы мүшенің(лердің) қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті саны ғана өндірілуі мүмкін және барлық өндірілген өнім ТРИПС жөніндегі кеңесті өзінің қажеттіліктері туралы хабардар еткен мүшеге(лерге) экспортталуы тиіс;

(ii) лицензия бойынша өндірілген дәрілік заттар арнайы белгілеу немесе таңбалау арқылы осы жүйе шеңберінде өндірілген ретінде нақты сәйкестендірілуге тиіс. Өнім берушілер мұндай дәрілік заттарды осындай айырмашылықтар рұқсат етілген және бағаға айтарлықтай әсер етпейтін жағдайда, дәрілік заттардың өздерінің арнайы қаптамасы және (немесе) арнайы бояуы (нысаны) арқылы ажыратуы тиіс; және

(iii) тиіп-жөнелту басталғанға дейін лицензиат веб-сайтта⁷ мынадай ақпаратты:

- жоғарыда (i) тармақшада көрсетілгендей межелі пункттердің әрқайсысына жеткізілетін өнімнің санын;

- жоғарыда (ii) тармақшада көрсетілген өнімнің айырмалық белгілерін орналастырады;

(c) экспорттаушы мүше, ТРИПС жөніндегі кеңесті лицензия беру⁹ талаптарын қоса алғанда, оны беру фактісі туралы хабардар⁸ етеді. Берілетін ақпаратта лицензиаттың атауы мен мекенжайы, лицензия берілген дәрілік зат(заттар), онда мөлшері, дәрілік зат(тар) жеткізілетін ел (елдер) және лицензияның қолданылу мерзімі қамтылады. Хабарламада жоғарыда (b)(iii) тармақшада көрсетілген веб-сайттың мекенжайы да көрсетіледі.

3. Осы жүйе шеңберінде импортталатын дәрілік заттарды олардың импортталуының негізінде жатқан, қоғамдық денсаулық сақтау мақсатында пайдаланылуды қамтамасыз ету мақсатында талаптарға сай келетін импорттаушы мүшелер осы жүйе шеңберінде өздерінің аумағына нақты әкелінген дәрілік заттардың кері экспортына жол бермеу үшін өздерінің әкімшілік мүмкіндіктеріне және сауданың бұрмалану тәуекелінің дәрежесіне пропорционалды өз қаражаты шегінде ақылға қонымды шараларды қабылдайды. Егер дамушы мүше ел не неғұрлым нашар дамыған мүше ел болып табылатын талаптарға сай келетін импорттаушы мүше осы ережені іске асыруда қиындықтарға тап болған жағдайда, дамыған мүше елдер өтініш бойынша және өзара келісілген шарттарда оның орындалуына жәрдемдесу үшін техникалық және қаржылай көмек көрсетеді.

4. Мүшелер осы Келісімге сәйкес құрылуы тиіс қаражатты пайдалана отырып, өз аумағында осы жүйе шеңберінде өндірілген және оның ережелерін бұза отырып, өздерінің нарықтарына түскен дәрілік заттардың импорты мен сатылуын болдырмау

үшін тиімді құқықтық құралдардың болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Егер кез келген мүше мұндай шаралар осы мақсат үшін жеткіліксіз деп есептесе, мәселе ТРИПС жөніндегі кеңесте осындай мүшенің өтініші бойынша қаралуы мүмкін.

5. Дәрілік затты сатып алу қабілетін арттыру және оның жергілікті өндірісіне жәрдемдесу үшін ауқым әсерін пайдалану мақсатында 31 *bis* бабының 3-тармағында сипатталған мүше елдерде қолданылатын өңірлік патенттерді беруді көздейтін жүйелерді құруға жәрдемдесу керек деп танылды. Осы мақсатта дамыған мүше елдер, оның ішінде басқа тиісті халықаралық ұйымдармен бірлесіп осы Келісімнің 67-бабына сәйкес техникалық көмек беруге міндеттенеді.

6. Мүшелер фармацевтикалық секторда өндірістік қуаты жеткіліксіз немесе жоқ мүшелер тап болатын проблеманы еңсеру мақсатында фармацевтикалық сектордағы технологияларды беруге және әлеуетті арттыруға жәрдемдесудің орындылығын мойындайды. Осы мақсаттарда талаптарға сай келетін импорттаушы мүшелер мен экспорттаушы мүшелер бұл жүйені осы міндетке қол жеткізуге ықпал ететін тәсілмен пайдалануға шақырылады. Мүшелер осы Келісімнің 66.2-бабына, ТРИПС жөніндегі келісім және қоғамдық денсаулық сақтау туралы декларацияның 7-тармағына сәйкес жүргізілетін жұмыста, сондай-ақ осы саладағы ТРИПС жөніндегі кеңестің кез келген өзге жұмысына фармацевтикалық сектордағы технологияларды беруге және әлеуетті арттыруға бірлесіп ерекше назар аударуға міндеттенеді.

7. ТРИПС жөніндегі кеңес жүйенің тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында оның жұмыс істеуін жыл сайын қарайды және оның қолданылуы туралы Бас кеңеске жыл сайын баяндап отырады.

¹ Осы тармақша 1(b) тармақшаның ережелерін шектемейді.

² Бұл хабарлама осы жүйені пайдалану үшін ДСҰ органының мақұлдауын талап етпейді деп түсініледі.

³ Австралия, Канада, Еуропалық қоғамдастықтар және 31 *bis* бабының және осы Қосымшаның мақсаттары үшін мүше елдер, Исландия, Жапония, Жаңа Зеландия, Норвегия, Швейцария және АҚШ.

⁴ Осы тармақшаға сәйкес талап етілетін ақпаратты қамтитын бірлескен хабарламаларды 31 *bis* бабының 3-тармағында көрсетілген өңірлік ұйымдар осы жүйені пайдаланатын оларға кіретін және талаптарға сай келетін импорттаушы мүшелердің атынан осындай мүшелердің келісімімен жіберуі мүмкін.

⁵ Хабарламаларды ДСҰ Хатшылығы жалпыға бірдей қол жеткізу үшін ДСҰ веб-сайтының осы жүйеге арналған арнайы парақшасында орналастырады.

⁶ Осы тармақша осы Келісімнің 66.1-бабының ережелерін қозғамайды.

⁷ Лицензиат көрсетілген мақсаттарда өзінің дербес веб-сайтын не ДСҰ Хатшылығы жәрдемдескен кезде осы жүйеге арналған ДСҰ веб-сайтының парақшасын пайдалана алады.

⁸ Бұл хабарлама осы жүйені пайдалану үшін ДСҰ органының мақұлдауын талап етпейді деп түсініледі.

⁹ Хабарламаларды ДСҰ Хатшылығы жалпыға бірдей қол жеткізу үшін ДСҰ веб-сайтының осы жүйеге арналған арнайы парақшасында орналастырады.

Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге қосымшаға толықтыру

Фармацевтикалық сектордағы өндірістік қуатты бағалау

Неғұрлым нашар дамыған мүше елдер фармацевтикалық секторда шектеулі қуатқа ие не өндірістік қуаты мүлдем жоқ деп есептеледі.

Талаптарға сай келетін басқа импорттаушы мүшелер үшін фармацевтикалық секторда шектеулі өндірістік қуаттың болуы немесе олардың мүлдем болмауы мынадай тәсілдердің бірімен:

(i) тиісті мүше фармацевтикалық секторда өзінің өндірістік қуаты мүлдем жоқ екенін мәлімдесе;

не

(ii) егер мүшенің фармацевтикалық секторда біршама өндірістік қуаты болса, ол осы қуатқа бағалау жүргізсе және патент иеленушіге тиесілі не ол бақылайтын қуатты қоспағанда, қолда бар қуат оның қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсаттары үшін жеткіліксіз деген қорытындыға келсе анықталуы мүмкін. Мұндай қуат мүшенің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті екені анықталғанда, бұл жүйе одан әрі қолданылмауы тиіс.

Мен жоғарыда аталған құжат Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманың (Женева, 2005 жылғы 6 желтоқсан) төлнұсқа және толық көшірмесі болып табылатынын растаймын.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Ғиният